

**«Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік
одағының Қызылорда облыстық ұйымы» қоғамдық бірлестігімен
Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңын іске
асыру жұмысының жағдайы туралы
АҚПАРАТ**

Қызылорда облыстық кәсіподақ ұйымының қызметінде кәсіподақ мүшелерінің - өңірдің оқу-ағарту және білім беру саласының қызметкерлерінің әлеуметтік және кәсіптік мәртебесін арттыру бойынша ҚР «Педагог мәртебесі туралы» Заңын іске асыру басым бағыт болып табылады.

ҚР Заңының ережелерін орындауға 2021-2023 жылдарға арналған Қызылорда облысының білім басқармасы мен Қызылорда облыстық кәсіподақ ұйымы арасындағы әлеуметтік әріптестік туралы өңірлік салалық келісім негізге алынды.

Облыстық кәсіподақ ұйымының құрамында 8 филиал, 577 бастауыш ұйым бар, олар кәсіподақтың 53063 мүшесін біріктіреді.

ҚР «Педагог мәртебесі туралы» Заңының 12-бабы 5-тармағының 2)тармақшасына сәйкес ауылдық елді мекендердің педагогтарын әлеуметтік қолдау үшін коммуналдық қызметтер үшін өтемақы және 4 (төрт) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде қатты отын сатып алуға өтемақы төленеді. Облыстық кәсіподақ ұйымы нарықтағы қатты отын бағасының өсуін ескере отырып, жергілікті атқарушы органға (облыстық әкімдікке) 7 АЕК-ке дейінгі мөлшерлемені қарау жөнінде ресми хат жолдады.

Жоғарыда аталған Заңның 12-бабының 1-тармағына сәйкес педагогтарды тұрғын үй-жаймен қамтамасыз ету көзделген. Облыстық кәсіподақ ұйымы Өңірлік жоғары оқу орнының жұмыс берушісі – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетімен келіссөздер жүргізу арқылы профессорлар-оқытушылар құрамы үшін қызметтік тұрғын үй беру туралы мәселені шешті: 60 оқытушы қызметтік тұрғын үймен және 41 оқытушы жатақханамен қамтамасыз етілді.

Заңның 12-бабының 6-тармағына сәйкес соңғы үш жылда ауылдық елді мекендерге кәсіптік қызметті жүзеге асыру және тұру үшін келген 900-ге жуық педагог жергілікті өкілетті органдардың шешімімен бір педагогқа 291 700 теңгеден көтерме жәрдемақы төленді және тұрғын үй сатып алу үшін 869 жас маманға жеңілдікті кредиттер берілді.

ҚР «Педагог мәртебесі туралы» Заңына сәйкес педагог қызметкерлер жұмыс берушінің қаражаты есебінен міндетті медициналық тексеруден өтуі тиіс. Алайда, Заңның бұл ережесі облыстың Сырдария және Арал аудандарында ғана іске асырылды. Облыстың басқа аудандарының педагогтары бұл процедурадан өз есебінен өтті. Осыған байланысты облыстық кәсіподақ ұйымы бұл мәселені бірнеше рет облыстық мәслихат сессияларында қоя отырып, нәтижесінде оң шешімге ықпал етті: осы мақсаттарға жергілікті бюджеттен 2022 жылға – **59 млн**

теңге бөлінсе, ал 2023 жылға – **50 562 000** теңге көлемінде қосымша қаражат бөлінеді.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 597 бұйрығына сәйкес білім беру ұйымдарының 2020 жылдан бастап жан басына шаққандағы қаржыландыруға көшуімен колледждер мен балабақшаларда қаражаттың жетіспеуіне байланысты қызметкерлердің штаттық бірліктері қысқартылды. Колледждер мен балабақшалардың әкімшілігімен келіссөздер жүргізу арқылы мәселенің оң шешімі қабылданды.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына сәйкес дене шынықтыру, технология, өзін-өзі тану, орыс тілі мен әдебиеті, қазақ тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі бойынша мұғалімдерді жұмыстан шығару (қысқару) қаупі туындады. Осыған байланысты облыстық кәсіподақ ұйымы барлық жерде қызметкерлерді қысқартуға (жұмыстан шығаруға) жол бермеу бойынша алдына ала түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

200 орындық балабақшалар мен 50 орындық балабақшаларда жан басына шаққандағы қаржыландыру айырмашылығына байланысты қызметкерлерге лайықты еңбекақы төлеу мүмкіндігі болмады. Облыстық кәсіподақ комитетінің тікелей араласуымен мәселе оң шешімін тапты, 2021-2022 жылдарға арналған жергілікті бюджеттен қосымша 1,7 млрд. теңгеге қаражат бөлінді.

ҚР «Педагог мәртебесі туралы» Заңын іске асыру барысында облыстық кәсіподақ ұйымы салалық келісімге сәйкес облыстық білім басқармасымен бірлесіп, сағат жүктемесінің толық сақталуын қадағалау, негізсіз тексерулерден және оларға тән емес функциялардан қорғау, әлеуметтік кепілдіктермен қамтамасыз ету, ынталандыру және басқа да мәселелер бойынша педагогтардың мүдделерін қорғау бойынша дәйекті жұмыс жүргізуде.

Өңірлік салалық келісім негізінде педагогтардың әлеуметтік мәртебесі мен кәсіби деңгейін арттыру мақсатында:

- педагогтарға тәлімгерлік қызметі, сынып жетекшілігі және дәптерлерді тексеру, педагогикалық шеберліктің біліктілігін арттыру үшін қосымша үстемеақылар мен өтемақылар төленеді;

- жалпы орта білім беру ұйымдарының пәндік бірлестіктері мен ТжКБ басшыларына 65 күндік ақылы еңбек демалысына қосымша 3 күн беріледі;

- түрлі конкурстарға, спартакиадаларға, фестивальдерге және сауықтыру іс-шараларына қатысу кезінде педагогтар сабақтан босатылады және олардың жалақысы толық көлемде сақталады;

- зейнеткерлік жасқа толған педагог үшін оқу жылы аяқталғанға дейін жұмыс істеуге мүмкіндік беріледі.

Облыстық кәсіподақ ұйымы білім беру органдарымен бірлесіп Педагогикалық қызметті ынталандыру мақсатында мынадай шаралар ұйымдастырды және өткізді:

- Қызылорда облысының білім басқармасымен «Бірлескен шешім» негізінде 45 түрлі кәсіби конкурс;
- «Дарын» қосымша білім беру орталығымен бірлесіп жалпы білім беру ұйымдарының директорлары арасындағы облыстық дебаттық турнирлері;
- НЗМ жанындағы Педагогикалық шеберлік орталығымен бірлесіп «Педагогикалық идеялар фестивалі»;
- «Өрлеу» Ұлттық біліктілікті арттыру институтының Қызылорда облыстық филиалы 20 жыл қатарынан облыстық дәстүрлі «Тәжірибе алаңын» өткізуде. Жыл сайын 2-6 қаңтар аралығында өңірдің 100 педагогы тәжірибе алаңына қатысады.

Соңғы 3 жылда педагогтарға 1000-ға жуық «Алтын белгі» иегерлерін даярлағаны үшін шипажайларда 5 күндік тегін демалыс берілді.

2020-2022 жылдары педагогтарға 100-ден астам жеңімпаз спортшыны даярлағаны үшін тегін санаторлық-курорттық жолдамалар табысталды.

Соңғы 3 жылда жазғы лагерьлерге жастар саясатын іске асыру және кәсіподақ қозғалысын белсенді дамыту бойынша 300-ден астам белсенді жас педагогтар қатысты.

Мұғалімдерге 330 тегін ноутбук берілді.

Соңғы үш жылда (2020-2022ж.ж.) облыстық кәсіподақ ұйымы еңбек қатынастарына қатысты заңды және жеке тұлғалардың 4801 өтінішін қарап, аталған сұрақтар бойынша заңға сәйкес жауаптар берілді:

- еңбекақы төлеу – 2400;
- ақылы еңбек демалысын беру және есептеу тәртібі – 975;
- қосымша төлемдер – 520;
- сағат санын азайту – 56;
- бала күтімі бойынша демалыстан кейінгі жұмысқа қосылу – 89;
- еңбек шартын бұзу – 691;
- еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі – 70.

2020-2022 жылдары өңір педагогтарының өтініштерінде қойылған мәселелерді оң шешудің экономикалық әсері **379 765 092** теңгені құрады.

Шиелі ауданының 2866 мұғаліміне жоғары коэффициенті бар демалыс ақысы төленбегені анықталды. Тиісті жұмыстар жүргізілудің нәтижесінде педагогтардың пайдасына **183 млн** теңге өндірілді.

ҚР «Педагог мәртебесі туралы» Заңына сәйкес Арал ауданының орта білім беру ұйымдарындағы магистр дәрежесі бар 39 педагогқа қосымша ақы төленбей келді, бұл мәселе кәсіподақ ұйымы тарапынан қаралғаннан кейін педагогтарға **1 033 890** теңге қайта төленді.

Қазалы ауданында пандемия кезінде 7 (жеті) жекеменшік балабақша қызметкерлерінің еңбекақысы қайта есептеліп, оларға **57 459 500** теңге қайтарылды.

Облыстық ұйымның 2022 жылғы 15 қыркүйектегі № 11 қаулысына сәйкес ҚР «Педагог мәртебесі туралы» Заңының орындалу барысын саралау үшін онлайн форматта сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға барлығы **6 833 педагог** катысты. Сауалнама нәтижелері №1 қосымшада келтірілген.

Сауалнамаға сәйкес респонденттердің 58,2 % педагогтардың балаларына мектепке дейінгі балалар мекемелерінде жалпы негізде орын беріледі деп жауап берді. Бұл бағытта алдағы уақытта тиісті детерминациялық іс-шаралар жүргізілетін болады.

Педагог мәртебесін көтеру, оның құқықтық қорғалуын қамтамасыз ету бойынша кәсіподақтың Орталық аппаратымен бірлескен жұмыстың арқасында тиісті шаралар қабылданып, осындай нәтижелерге қол жеткізілуде.

Алдағы уақытта Қызылорда облыстық ұйымы елімізде «Әділ Қазақстан, әділ қоғам, әділ экономика» құру жөніндегі Президент Қ.К. Тоқаевтың міндеттерін орындай отырып, кәсіподақ қозғалысының серпінді дамуы бойынша жүйелі жұмысты жалғастыратын болады.

**Қызылорда облыстық ұйымның
төрағасы**

Г. Есқалиева